

УДК 159.923.5

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Әлияр Тоғжан Ержанқызы

togzhanaliyar@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Психология мамандығының 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Мандыкаева А.Р.

Құндылықтар – адамзаттың ең тұрақты психикалық қалыптасуы. Олар мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан. Адамдар үшін бірінші құндылықтар: денсаулық және ұзақ өмір сүру; қауіптердің жоқтығы ретіндегі қауіпсіздік; материалдық әл-ауқат өмір сүрудің шарты ретінде, махаббат пен достық басқалармен қалаған жақындық жағдайы және ұрпақ

жалғастыру мүмкіндігі ретінде қалыптасқан болатын. Дәстүр мен билік, күш пен сұлулық, теңдік пен әділдік сияқты күрделі әлеуметтік құндылықтар кейінірек жүзеге асты.

2020 жылы Ф. Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік өлшемдегі құндылықтары» атты ауқымды зерттеу жүргізілді, оған тарих ғылымдарының докторы, әлеуметтану ғылымдарының профессоры Л. Гуревич, белгілі қазақстандық ғалымдар және т.б. қатысты. Қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның құндылықтарын құрылымдық талдауды білдіретін зерттеу ұлттық репрезентативтік іріктемеде жүргізілді және әлеуметтік топтар мен өңірлердің ерекшеліктері тұрғысында қазіргі қазақстандықтардың құндылық портретін жасауға мүмкіндік берді.

Құндылықтар ұғымы философияда, әлеуметтануда және психологияда дамыды. Отандық ғылымда тұлғаның құндылық бағдарларын алғаш зерттеушілер А.Г. Здравомыслов, В.Б. Ольшанский, Д.Н. Узнадзе, В.А. Ядов және т.б. Бұл мәселенің дамуына үлкен үлес қосқан Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев, А.В. Ивашенко, В.С. Мерлин, В.Н. Мясищев, Б.Д. Парыгин және т.б. Әртүрлі әлеуметтік топтардың құндылықтарын тұлғаның қабылдау мәселесі В.П. Вардоматскийдің, Д.А. Леонтьев, С.Г. Климова, Н.И. Лапина, М.С. Яницкий және т.б. зерттеген болатын. [1]

XX ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап құндылық мәселесі шетелдік психологтардың еңбектерінде ерекше өзекті бола бастайды. Бұл мәселені ең белсенді зерттеуді Э. Фромм, К. Роджерс, А. Маслоу, Ф. Клакхон, Ф. Стродбек, М. Рокич, Г. Олпорт, Г. Хофстеде, Г. Триандис, Ш.Шварц және басқалар қолға алды.

Құндылықтар тұжырымдамасының дамуына үлкен үлес қосқан американдық психологтардың бірі М. Рокич, ол өзінің жеке құндылықтық бағдарлар тұжырымдамасын жасады, сонымен қатар 1973 жылы жарық көрген «Адам құндылықтарының табиғаты» кітабында сол жайында сипаттады. М. Рокич құндылықтарды «белгілі бір іс-әрекет әдісі немесе белгілі бір өмірлік мақсаттардың тұлға мен қоғам үшін басқа қызмет түрлерінен немесе басқа да түпкілікті мақсаттардан гөрі ұтымды болатынына деген сенімділік» деп санады. [2]

Студенттік жылдар - бұл өзін-өзі анықтау уақыты, өзінің өмірлік ұстанымын таңдау уақыты, қажырлы еңбек жылдары, кәсіби ақиқаттарды ғана емес, жалпы мәдени құндылықтарды да тану жылдары.

«Студент жастар» ұғымы - жасы бойынша да, әлеуметтік сипаттамалары бойынша да біртекті топ, оның негізгі қызмет түрі оның өмір салтының барлық елеулі белгілерін айқындайтын оқу-жаттығу, болашақ кәсіби қызметке дайындық болып табылады.

17-23 жастағы студенттік жас - білімді қалыптастыру, ғылыми және кәсіби өсу, жан-жақты мәдениетті жетілдіру үшін неғұрлым жемісті кезең. Ол вербалды интеллект пен рефлексияның дамуымен, қозудың серпінділігімен, бақылаушылық деңгейінің жоғарылауымен сипатталады. Тұлға қалыптасуының өтпелі, дағдарыстық кезеңдерінде жаңа құндылық бағдарлар, қажеттіліктер мен мүдделер туындайды, ал олардың негізінде алдыңғы кезеңге тән тұлғалық қасиеттер өзгереді. Э. Фромм өзінің «Бостандықтан қашу» атты еңбегінде құндылықтарды адамның қажеттіліктерімен байланыстырады - оның өмір сүру қажеттілігі мен қауіпсіздіктен өзін-өзі дамыту қажеттілігіне дейін, құндылықтар жүйесінің мұқтаждығын бөлек көрсетті.

Ол «бізге қоршаған әлемді шарлауға көмектесетін көзқарастар мен құндылықтар жүйесі қажет деп пайымдайды. Құндылықтардың жетіспеушілігі адамның жалғыздықтан және өмірдегі мәнсіздіктен рухани өліміне әкеледі және «кейбір идеялармен, моральдық құндылықтармен немесе ең болмағанда әлеуметтік стандарттармен» байланысы оған қауымдастық пен «тиесілі» сезімін береді. Құндылық жүйесінің арқасында адам өмір бойы кездесетін көптеген тіркендіргіштер мен стимуляцияларды ұйымдастыра алады. [3]

Н.А. Журавлев, жастық шақ жасына, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты қоғамда болып жатқан өзгерістерге барынша сезімтал, қоғамда болып жатқан барлық жағымды және жағымсыз процестердің көрсеткіші сипаттама береді. Тұрақты дүниетанымның, адамгершілік сананың белсенді қалыптасуы, құндылық иерархиясының қалыптасуы кезеңінде жастар аға ұрпақ өкілдеріне қарағанда мәдениеттегі «жаңалықтардың»

барлығын оңай қабылдап, игереді [4]. Жаңалықтарды сіңіру арқылы олар әлемде болып жатқан жалпы оқиға адаптация процессін жүргізеді. Нәтижесінде осы жастағы топ өкілдерінде өздеріне тән құндылықтар пайда болады.

Семеновтың зерттеулері студент жастардың жалпы салауатты өмірлік құндылықтарды және рухани-адамгершілік көзқарастарын сақтайтынын көрсетеді. Жастардың басты құндылықтары отбасы, денсаулық және достар болса, еңбек пен әділеттілік ақшаның құнынан жоғары болса, 1990 жылдармен салыстырғанда отбасы мен әділеттің құндылығы өсті, ал ақша, керісінше, азайды. Студенттік жастардың негізгі бөлігі Семеновтың көзқарасы бойынша «әлеуметтік менталитеттің» тасымалдаушысы болып табылады [5].

Жоғары оқу орындарының студенттері жастар ортасында белсенді әлеуметтік топ болып табылады. Бұл жастардың өз талаптарын дұрыс тұжырымдайтын, өмір сүру жағдайларын, қолда бар ресурстарды белсенді түрде ойластыратын және өз мақсаттарына жету тетіктеріне иелік ететін бөлігі деп сипатталады. [6] Студенттердің құндылық бағдарлары олардың ішкі қалауларына, сыртқы факторларға тікелей қатысты болады және соның негізінде жүзеге асады.

Студенттердің құндылықты бағдарларын зерттеу мақсатында М. Рокичтің «Құндылық бағдарлары» әдістемесі таңдалды. Әдістеменің мақсаты: құндылық бағдарлар жүйесі тұлға бағдарының мазмұндық жағын анықтайды және оның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасының негізін, дүниетанымының негізін және өмірлік іс-әрекетке мотивацияның өзегін, оның негізін құрайды. М.Рокич құндылықтардың екі класын бөледі:

- терминалдык – жеке өмір сүрудің түпкі мақсаты ұмтылуға тұрарлық деген сенімдер;
- инструментальдык – кез келген жағдайда қандай да бір іс-әрекет түрі немесе тұлғаның қасиетін қолдану ыңғайлы деген сенім. [7]

Зерттеуге сәйкес әдістеменің бірінші бөлігі нәтижелер шығарылған болатын. Зерттеуге қатысушыларға 18 құндылық ұсынылады. Сыналушыларға осы құндылықты өз приоритеттеріне сәйкес қою ұсынылады.

Зерттеуге барлығы 34 студент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1 курс студенттері қатысты. Зерттеу нәтижесінде келесідей нәтижелерге қол жеткізілді:

Кесте №1. М.Рокичтің «Құндылық бағдарлары» сауалнамасының қорытындысы

Құндылықтар	Таңдаушылар саны	Құндылықтар	Таңдаушылар саны
Белсенді өмір (өмірдің толықтығы мен эмоционалды байлығы);		Махаббат (сүйікті адам мен рухани және физикалық жақындық);	
Өмірлік даналық (өмір тәжірибесі арқылы жеткен пайымдау мен парасаттылықтың жетілуі);	2	Қаржылық қамтамасыз етілген өмір (материалдық қиындықтардың болмауы);	
Денсаулық (дене және психикалық);	13	Жақсы және шынайы достардың болуы;	1
Қызықты жұмыс;	1	Қоғамдық кәсіп (басқаларды, ұжымды, әріптестерді құрметтеу);	
Табиғат пен өнер сұлулығы (табиғат пен өнердегі сұлулықты сезіну);	1	Білім (өзінің білімін, ой-өрісін, жалпы мәдениетін, интеллектуалдық дамуын кеңейту мүмкіндігі);	

Өнімді өмір (өз мүмкіндіктерін, күшті және қабілеттерін барынша толық пайдалану);	4	Бақытты отбасылық өмір;	2
Дамыту (өзімен жұмыс істеу, үнемі физикалық және рухани пайдалану);		Басқалардың бақыты (басқа адамдардың, бүкіл халықтың, жалпы адамзаттың әл-ауқаты, дамуы және жақсаруы);	
Ойын-сауық (жағымды, жеңіл уақыт өткізу, жауапкершіліктің болмауы);		Шығармашылық (шығармашылық әрекет мүмкіндігі);	1
Еркіндік (тәуелсіздік, үкімдер мен әрекеттердегі тәуелсіздік);	1	Өзіне деген сенімділік (ішкі үйлесімділік, ішкі қарама-қайшылықтардан, күманданудан құтылу);	8



1 Сурет М.Рокичтің «Құндылық бағдарлары» сауалнамасының пайыздық көрсеткіші Нәтижесінде басым бөлікті, яғни, 40 пайызды- денсаулық, 14 пайызды- өзіне деген сенімділік, 12 пайызды- өнімді өмір алды. Нәтижелерді келесідей тұжырымдармен түсіндіруге болады:

- Адамдар үшін олардың денсаулығы ең маңызды құндылық болып табылады. Себебі, студенттерде рационалды ойлана алатын адамдар деп есепке алуға болады, және де олар денсаулықтың олардың өміріндегі маңызын және негізгі мақсатқа жетудегі маңызды ресурстардың бірі екендігін түсінетіндігін көрсетеді.

- Өзіне деген сенімділік тұжырымын психологиялық ерекшеліктермен байланыстыруға болады. Студенттердің бұл бөлікке де жоғары приоритет беруін екі себеппен түсіндіре аламыз:

1. Қазіргі уақыттағы адамдардың менталды денсаулықтарының тұрақты болуына ұмтылуымен;

2. Мақсаттарына жету жолындағы ресурстармен қоса, мысалы ақшаның болуы, қабілеттің болуы, өзіне деген сенімділік, ішкі тыныштықтың өздеріне пайдалар әкелетінін ұғынуы, оған маңыздылық беруімен.

- Өнімді өмірдің жоғары көрсеткіштердің бірін алуы, студенттердің қазіргі жағдайын тікелей сипаттайды. Студенттік уақытта жұмыс жасауға тырысу, курстар арқылы жаңа нәрселерді үйренуге, дамытуға деген ынта негізгі көрініс болып табылады. Бұл студенттердің өз потенциалын толық қолдануға, болашақта бәсекеге қабілетті болуға мүмкіншіліктерін қамтамасыз етеді.

Студенттер үлкен өмірге өткеннен кейін мақсат қоюға, мақсат қою барысында өз құндылықтарын анықтауға әрқашан тырыса береді. Өз құндылықтарын анықтау арқылы ол өзінің болашақта жүретін жолын таңдайды. Құндылықтардың қалыптасына қоршаған орта, отбасы, БАҚ құралдары әсер ететіні барлығына мәлім. Қазіргі уақытта бәсекелестік өрбіген заманда әрқашан дамудың болуы, адамдардың жетістікке жетуге тырысуы студенттердің өз құндылықтарын қалыптастыруға әсер етуде. Зерттеуде көрсеткендей,

«ойын сауық» тұжырымдамаларының таңдалмауы, олардың болашаққа деген жауапкершілік алуымен сипаттауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Современные исследования социальных проблем 2018, Том 9, № 10 • <http://ej.soc-journal.ru> DOI: 10.12731/2218-7405-2018-10-92-104 УДК 316.6 Ценности студенческой молодежи

2. Рокич М. Природа человеческих ценностей // Свободная пресса. – 1973. – № 5. – С. 20-28.

3. Адилова Э.Т. Қазіргі қазақстандық жастардың құндылық бағдарларын әлеуметтік-психологиялық зерттеу. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2022 ж.

4. Zhuravleva N.A. Tsennostnye orientatsii lichnosti v usloviyakh sotsial'no-ekonomicheskikh transformatsiy v obshchestve [Value orientation of the individual in the conditions of socio-economic transformations in society]. *Obrazovanie Rossii i aktual'nye voprosy sovremennoy nauki* [Education of Russia and current issues of modern science]. Penza: Publishing house of Penza State Agrarian University, 2018, pp. 116–121.

5. Semenov V.E. Tsennostnye orientatsii sovremennoy molodezhi [Value Orientations of Modern Youth]. *Sotsiologicheskie issledovaniya* [Sociological Studies]. 2007. №4, pp. 37–43.

6. Петина Татьяна Михайловна. Ценности, цели и идеалы в студенческой среде: динамика изменений- Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики Тамбов: Грамота, 2016. № 10(72) С. 141-147. ISSN 1997-292X.

7. Психологические тесты для профессионалов/ авт. Сост Н.Ф. Гребень. – Минск: Современ. Шк., 2007. – 496с.